Аңдатпа: Зерттеу нысаны XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Абылай ханның алатаулық қырғыз тайпалық бірлестіктерімен өзара қарым-қатынастары болып табылады. Мақаланың мақсаты – «жоңғар факторының» жойылуынан кейін қазақ-қырғыз қақтығыстарының ушығу себептері мен тетіктерін айқындау, сондай-ақ Абылайдың әскери және дипломатиялық стратегияларының шекаралық тұрақтылықты қамтамасыз ету, тұтқындар мен мүлікті қайтару, сауда жолдарының қауіпсіздігін сақтау міндеттерін шешудегі ролін талдау. Зерттеудің деректік негізін Ресей империясының қазақ жерлерімен шектес аймақтарындағы әкімшілік мекемелердің қорларында сақталған архивтік құжаттар мен материалдар, соның ішінде рапорттар, донесениялар, ресми хат-хабарлар құрайды; сондай-ақ жарияланған деректер тартылып, алдыңғы ғылыми еңбектерге историографиялық шолу жасалды. Әдіснамалық тұрғыдан тарихи принциптер – тарихилық, жүйелілік және себеп-салдарлық талдау, сондай-ақ тарихи оқиғаларды қайта қалпына келтіру мақсатында әртектес дереккөздерді салыстырмалы талдау қолданылды. Архивтік материалдар негізінде қазақ-қырғыз қақтығыстары мен жорықтарының динамикасы айқындалып, қақтығыстардың басым мотивтері мен геосаяси фактордың ролі көрсетіледі. Зерттеу қорытындылары қазақ-қырғыз қатынастарының көпқұрамды сипатын дәлелдейді: Абылай ханның әскери күші дипломатиялық прагматикамен және сауда-экономикалық мүдделермен ұштасып, түпкі мақсат ретінде аумақтық кеңеюден гөрі шекаралық тұрақсыздықты төмендету, басқарылымды қалпына келтіру, байланыстарды жаңғырту және өзара міндеттемелерді орнықтыру көзделді.

Түйін сөздер: Абылай, Уали, қазақ-қырғыз қатынастары, әскери жорықтар, дипломатия, аманаттар, керуен саудасы.

A.R. Beisembayeva

Sh.Sh. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan, Almaty)

KAZAKH-KYRGYZ CLASHES IN THE 1760-1780 AND THE POLICY OF ABLAI: CAUSES, COURSE, AND OUTCOMES

Abstract: The object of this study is the relations between Ablai Khan and the Alatau Kyrgyz tribal associations in the second half of the eighteenth century. The article aims to identify the causes and mechanisms behind the escalation of Kazakh-Kyrgyz conflicts following the elimination of the “Dzungar factor,” as well as to analyze how Ablai Khan’s military and diplomatic strategies were employed to address the tasks of border stabilization, the return of captives and property, and the security of trade routes. The source base of the study consists of archival documents and materials, including reports, dispatches, correspondence, and records of the Russian Imperial administration in regions bordering Kazakh lands; published testimonies are also used, and a historiographical review of earlier scholarship is provided. Methodologically, the research applies the principles of historicism, systematic analysis, and cause-and-effect reasoning, along with the comparative examination of diverse types of sources in order to reconstruct historical events. On the basis of archival evidence, the dynamics of Kazakh-Kyrgyz clashes and military campaigns are traced, the dominant motives of the conflicts are identified, and the role of the geopolitical factor is demonstrated. The study concludes that Kazakh-Kyrgyz relations were of a multi-component nature: under Ablai Khan, military force was combined with pragmatic diplomacy and trade-economic interests, while the ultimate objective was not so much territorial expansion as the reduction of border instability, the restoration of effective governance, the renewal of contacts, and the establishment of mutual obligations.

Keywords: Abylai, Uali, Ablai Khan, Uali, Kazakh-Kyrgyz relations, military campaigns, diplomacy, hostages (amanats), caravan trade.

References

Abuev, 2013 – *Abuev K.K. (2013). Abilai Khan. Sovremenniki i nasledniki: monografiia [Abylai Khan. Contemporaries and Heirs: Monograph]. Kokshetau: Ereket, 308 p. [in Russian]*

- Asanov, 2003 – *Asanov T.I.* (2003). Kyrgyzsko-kazakskie pogranichnye voprosy XVIII-XIX vv. [Kyrgyz-Kazakh Border Issues in the XVIII-XIX Centuries]. *K. Kasymuly. Conference Materials Dedicated to the 200th Anniversary of K. Kasymuly.* Almaty, pp. 88-99 [in Russian]
- Asanov, 2003 – *Asanov T.I.* (2003). Kyrgyzsko-kazakskie vzaimootnosheniia i pogranichnye voprosy XVIII-XIX vv. [Kyrgyz-Kazakh Relations and Border Issues in the XVIII-XIX Centuries]. *Vestnik Kyrgyzskogo Natsional'nogo universiteta im. Jusupa Balasagyna.* Seria 1. Vyp. 3. Gumanitarnye nauki, Bishkek, pp. 36-41 [in Russian]
- Asanov, 2004 – *Asanov T.* (2004). Kytai jazmalaryndagy kyrgyzdar [Kyrgyz People in Chinese Writings]. Xinjiang: Xinjiang El Basmasy, 250 p. [in Kyrgyz]
- Asanov, 2006 – *Asanov T.I.* (2006). XVIII-XIX kilymdardagy kyrgyz-kazak chek ara maseleri [Kyrgyz-Kazakh Border Issues in the XVIII-XIX Centuries]. *Alymbektin sanzhyrasy* (Abylai khan dyn doorundagy kyrgyz-kazak mamilesi. XVIII kilymdyn okuialary). Bishkek, pp. 95-110 [in Kyrgyz]
- Asanov, 2006 – *Asanov U.A.* (Ed.). (2006). Kyrgyzstan: Uluttuk entsiklopediia [Kyrgyzstan: National Encyclopedia]. Vol. 1. Bishkek: Mamlektik til jana entsiklopediia borboru, 688 p., illustrated [in Kyrgyz]
- Dzhumanaliev, 2016 – *Dzhumanaliev A.* (Ed.). (2016). Kyrgyzstandyn tarikhy. Baiyrky mezgilden bügüngü künge chein [The History of Kyrgyzstan from Ancient Times to the Present Day]. Vol. II. Bishkek: Kut-Ber, 616 p. [in Kyrgyz]
- Epistoliarnoe nasledie, 2014 – *Erofeeva I.V.* (Ed.). Epistoliarnoe nasledie kazakhskoi praviashchei elity 1675–1821 gg. [Epistolary Heritage of the Kazakh Ruling Elite 1675–1821]. Collection of Historical Documents. In 2 Vols. Vol. 1. Almaty: AO ABDI Compani, 696 p. [in Russian]
- Erofeeva, 2014 – *Erofeeva I.V.* (Ed.). (2014). Epistoliarnoye nasledie kazakhskoi praviashchei elity 1675–1821 gg. [Epistolary Heritage of the Kazakh Ruling Elite 1675–1821]. Collection of Historical Documents in 2 Vols. Vol. 2. Almaty: AO ABDI Compani, 1032 p. [in Russian]
- Istoriia Kazakhstana, 2000 – *Istoriia Kazakhstana* (s drevneishikh vremen do nashikh dnei). V piati tomakh [The History of Kazakhstan (from Ancient Times to the Present Day). In Five Volumes]. Almaty: Atamura, Vol. 3, 768 p. [in Russian]
- Khafizova, 2019 – *Khafizova K.Sh.* (2019). Stepnye vlastiteli i ikh diplomatiia v XVIII–XIX vekakh [Steppe Rulers and Their Diplomacy in the 18th–19th Centuries]. Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK, 480 p. [in Russian]
- Saparaliev, 1995 – *Saparaliev D.B.* (1995). Vzaimootnosheniia kyrgyzskogo naroda s russkim i sosednimi narodami v XVIII veke [Relations of the Kyrgyz People with the Russians and Neighboring Peoples in the XVIII Century]. Bishkek: Ilim, 152 p. [in Russian]
- Suleimenov, 1988 – *Suleimenov R.B., Moiseev V.A.* (1988). Iz istorii Kazakhstana XVIII veka (o vneshnei i vnutrennei politike Ablaiia) [From the History of Kazakhstan in the 18th Century (On the Foreign and Domestic Policy of Ablai)]. Almaty: Nauka, 144 p. [in Russian]
- Valikhanov, 1984 – *Valikhanov Ch.Ch.* (1984). Sobranie sochinenii v piati tomakh [Collected Works in Five Volumes]. Vol. I. Alma-Ata: Glavnaia redaktsiia Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii, 432 p. [in Russian]
- Valikhanov, 1985 – *Valikhanov Ch.Ch.* (1985). Sobranie sochinenii v piati tomakh [Collected Works in Five Volumes]. Vol. II. Alma-Ata: Glavnaia redaktsiia Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii, 416 p. [in Russian]

Сведения об авторе

Бейсембаева Акмарал Рашидкызы – PhD доктор, старший научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова МНВО РК;

Автор туралы мәлімет

Бейсембаева Акмарал Рашидкызы – PhD доктор, ҚР ҒЖБМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері.

Information about the author

Akmaral R. Beisembayeva – PhD, Senior Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology of the MSHE RK.

Поступила в редакцию 25.11.2025
Поступила после доработки 12.01.2026
Принята к публикации 29.03.2026

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: 2010-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БАҒЫТТАР

Э.А. Мусаева^{1*}, Г.Н. Джабаева²

^{1*}*КеАҚ Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан.*

²*Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қорғау саласын дамыту жөніндегі Ұлттық ғылыми орталығы, Астана, Қазақстан.*

E-mail:elvira.musaeva.75@mail.ru^{1*}

guldena_77@mail.ru²

^{1*}<https://orcid.org/0000-0002-9006-6518>

²<https://orcid.org/0000-0001-9741-3562>

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту контексіндегі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саясатының 2010-2021 жылдар аралығындағы тарихи-логикалық эволюциясы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі аталған кезеңдегі демографиялық өсім мен әлеуметтік сұраныстың артуы жағдайында мемлекеттік стратегиялық бағдарламалардың тиімділігін ғылыми тұрғыдан қайта пайымдау қажеттілігімен негізделеді.

Автор нормативтік-құқықтық базаның трансформациясын саралай отырып, 2010 жылдан басталған «Балапан» бағдарламасының институционалдық маңызына ерекше назар аударады. Бағдарламаның мектепке дейінгі ұйымдар желісін ұлғайтудағы, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін енгізудегі және мектеп жасына дейінгі балаларды қамту көрсеткішін динамикалық түрде өсірудегі рөліне тарихи-салыстырмалы талдау жасалады.

Зерттеу барысында мектепке дейінгі білім берудің тек сандық көрсеткіштері ғана емес, сонымен қатар оның мазмұндық және сапалық параметрлері - кадрлық әлеуетті нығайту, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және білім беру стандарттарын халықаралық талаптарға сәйкестендіру мәселелері де терең зерделенеді. Сонымен қатар, мақалада қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативтік тетіктері, қала мен ауыл арасындағы инфрақұрылымдық алшақтық және балабақшалардағы орын тапшылығы секілді жүйелі проблемалардың тарихи алғышарттары мен шешу жолдары айқындалады.

Тарихи-хронологиялық, жүйелілік және статистикалық талдау әдістерін қолдану негізінде автор Қазақстанның мектепке дейінгі білім беру саясатының даму үрдістерін кезеңдерге бөліп жүйелейді. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік білім беру саясатының тарихи тәжірибесін қорытындылауға мүмкіндік береді және отандық білім беру жүйесін стратегиялық жоспарлаудың болашақ бағыттарын айқындау үшін ғылыми негіз болып табылады.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі саясат, «Балапан» бағдарламасы, қаржыландыру, демографиялық өсім, мемлекеттік балабақша, жекеменшік балабақшалар, білім беру реформалары.

Кіріспе

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі кез келген мемлекеттің білім беру саясатының маңызды құрамдас бөлігі. Бұл кезең баланың тұлғалық қалыптасуының алғашқы сатысы ретінде оның когнитивтік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына негіз қалайды. Осы тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің тиімділігі кейінгі білім алу сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып саналады.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғаннан кейін білім беру жүйесін жаңғырту және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында бірқатар реформалар жүзеге асырылды. Әсіресе 2010 жылдан кейін білім беру саласында институционалдық және мазмұндық өзгерістер қарқын алып, мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру мемлекеттік саясаттың

басым бағыттарының біріне айналды.

Мектепке дейінгі білім беру балалардың базалық дағдыларын қалыптастыруда және олардың алдағы оқуына дайын болуында маңызды рөл атқарады. Қазақстандағы реформаның негізгі міндеттерінің бірі - барлық балалар үшін мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін кеңейту болды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес бес-алты жастағы балалар үшін міндетті мектепалды даярлық енгізіліп, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кеңейту бағытында жүйелі шаралар қолға алынды. Алайда, сол уақытта да орын тапшылығы, қаржыландырудың тығырыққа тірелуі, кадрлардың жетіспеушілігі және әлеуметтік теңсіздіктер сияқты кедергілер мектепке дейінгі білім беру саясатының алдындағы басты сын-тегеріндер болып қала берді.

2010-2020 жылдар аралығында жүзеге асырылған маңызды бастамалардың бірі - «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы болды. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдардың санын арттыру, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткіштерін ұлғайту және білім беру инфрақұрылымын дамыту мақсатында қабылданды. Нәтижесінде балабақшалардың саны едәуір өсіп, мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған балалардың үлесі айтарлықтай артты.

Соған қарамастан, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде бірқатар өзекті мәселелер сақталып қалды. Атап айтқанда, балабақшалардағы орын тапшылығы, қаржыландырудың жеткіліксіздігі, педагогикалық кадрлардың тапшылығы, сондай-ақ қалалық және ауылдық аймақтар арасындағы әлеуметтік теңсіздіктер мектепке дейінгі білім беру саясатының маңызды мәселелерінің бірі ретінде қалыптасты.

Осыған байланысты 2010-2021 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру саясатының тарихи даму ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда талдау **өзекті** ғылыми мәселе болып табылады.

2010 жылдан кейін Қазақстанның білім беру жүйесі еуропалық стандарттарды үлгі тұтқан жаңғырту үрдісіне кірісті. Мектепке дейінгі білім беру саласы да осы жаңарудан тыс қалмады. Балалардың құқықтарын қорғау, оларды мектеп табалдырығына лайықты дайындау және халықаралық озық тәжірибелерді жүйелі түрде енгізу - осы бағыттағы маңызды қадамдар болды.

Әдебиеттерге шолу

2010-2021 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру саласы бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулер бірнеше негізгі бағыттарды айқындады:

-«Балапан» бағдарламасы аясында балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту деңгейі кеңестік кезеңмен салыстырылып, ұлттық басымдық ретінде қарастырылды (Балаларды мектепке, 2013).

-Статистикалық мәліметтер мектепке дейінгі ұйымдар санының ұлғаюын және балаларды қамту деңгейінің өсуін көрсетті.

-Педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері, ғылыми-зерттеу базасының әлсіздігімен байланысты талданды.

-Мемлекеттік және жекеменшік балабақшалардағы орын тапшылығы әлеуметтік және экономикалық қиындықтармен байланыстырылды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында тарихи-хронологиялық, салыстырмалы және жүйелі талдау әдістері қолданылды. Нормативтік-құқықтық құжаттар, мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ, бұған дейін жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері мұқият талданды.

Алдымен, тарихи-хронологиялық әдіс арқылы 2010-2021 жылдар аралығындағы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі негізгі реформалар мен бағдарламалардың кезеңдік дамуы талданады. Бұл әдіс білім беру саясатының өзгерістерін уақыттық ретпен жүйелеуге және олардың өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, мектепке дейінгі ұйымдардың саны, балаларды қамту деңгейі, кадрлық қамтамасыз ету мәселелері тәуелсіздік

жылдарындағы көрсеткіштермен салыстырылады. Бұл тәсіл мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістердің ауқымын анықтауға мүмкіндік береді.

Жүйелі талдау әдісі арқылы мектепке дейінгі білім беру саясатының негізгі бағыттары - инфрақұрылымдық даму, кадрлық саясат, қаржыландыру жүйесі және әлеуметтік теңсіздік мәселелері кешенді түрде қарастырылады.

2010-2021 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру саясатының тарихи эволюциясын ғылыми тұрғыда талдау мақала мақсаты болып табылады. Осылайша, мақала Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру саясатының даму бағыттарын тарихи тұрғыдан зерделеп, қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерді айқындауға бағытталады.

2010-2021 жылдар аралығындағы мемлекеттік саясаттың эволюциясы тарихи-хронологиялық әдіс негізінде кешенді түрде қарастырылды. Бұл кезең шартты түрде бірнеше даму сатысына бөлінді: *мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту кезеңі, қолжетімділікті арттыру кезеңі және білім беру сапасын жетілдіру кезеңі*. Әрбір кезеңде қабылданған нормативтік-құқықтық актілер мен мемлекеттік бағдарламалар талданып, олардың білім беру жүйесіне ықпалы анықталды. Осылайша, мектепке дейінгі білім беру саясатының қалыптасуы мен дамуының тарихи сабақтастығы мен институционалдық ерекшеліктері айқындалды.

Зерттеуде мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытудағы негізгі стратегиялық құжаттардың бірі - «*Балапан*» бағдарламасының ықпалына ерекше назар аударылды. Бағдарламаның жүзеге асырылуы мектепке дейінгі ұйымдардың сандық және сапалық көрсеткіштерінің айтарлықтай өзгеруіне әсер етті. Атап айтқанда, жаңа балабақшалар салу, шағын орталықтар ашу және мемлекеттік-жекеменшік серіктестік механизмдерін енгізу арқылы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту деңгейі едәуір артты. Сонымен қатар, бағдарламаның білім беру инфрақұрылымын дамытуға, педагог кадрлар даярлау жүйесін жетілдіруге және мектепке дейінгі тәрбиенің қолжетімділігін кеңейтуге қосқан үлесі ғылыми тұрғыда бағаланды. Талдау нәтижесінде «Балапан» бағдарламасының ұлттық білім беру жүйесіндегі стратегиялық орны мен тарихи маңызы анықталды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту барысында *аймақтық айырмашылықтар* мәселесі де маңызды зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Зерттеу барысында балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту деңгейіндегі аймақаралық теңсіздіктер алғаш рет демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштермен байланыстыра отырып талданды. Урбанизация деңгейі жоғары аймақтарда мектепке дейінгі ұйымдар желісінің кеңеюі мен қамтылу көрсеткіштерінің жоғары болуы байқалса, халық тығыздығы төмен немесе әлеуметтік инфрақұрылымы әлсіз аймақтар бұл көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен екендігі анықталды. Осы тұрғыда аймақтық даму ерекшеліктері мен әлеуметтік факторлар мектепке дейінгі білім беру қызметінің қолжетімділігіне тікелей әсер ететін маңызды факторлар ретінде бағаланды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі *кадрлық саясаттың* ерекшеліктері де тарихи тұрғыда талданды. Педагогикалық кадрларды даярлау, олардың кәсіби біліктілігін арттыру және әлеуметтік мәртебесін көтеру мәселелері мемлекеттік білім беру саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Аталған кезеңде мектепке дейінгі тәрбиешілердің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған реформалар жүзеге асырылып, педагогтардың еңбек жағдайын жақсарту және еңбекақы жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қабылданды. Сонымен қатар, саладағы кадр тапшылығы, кәсіби даярлық сапасының әркелкілігі және педагог мәртебесінің әлеуметтік аспектілері де ғылыми талдаудың нысанына айналды. Бұл факторлар мектепке дейінгі білім беру сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылды.

Мемлекеттік және жекеменшік балабақшалардың арақатынасы мен олардың білім беру жүйесіндегі орны саясаттық-тарихи контексте қарастырылды. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетіктерінің енгізілуі мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейтуге және балаларды қамту деңгейін арттыруға мүмкіндік берді. Дегенмен, қаржыландыру тетіктері, ата-аналардың төлемақы мөлшері және әлеуметтік қолжетімділік мәселелері мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде сақталды. Жекеменшік балабақшалардың санының артуы білім беру қызметінің әртараптануына ықпал еткенімен, бұл үдеріс әлеуметтік

теңсіздік факторларымен де тығыз байланысты болды. Осы тұрғыда зерттеу мектепке дейінгі білім беру саласындағы қаржылық саясат пен әлеуметтік теңдік мәселелерінің өзара байланысын тарихи тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оның талқылануы

I. 2010-2021 жылдардағы Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тарихы: мәселелер мен даму нәтижелері

2010-2021 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуы ерекше серпінмен сипатталады. Бұл кезең басталғанда, ірі қалаларда орын тапшылығы мен кезектер, сондай-ақ білікті педагогтердің жетіспеушілігі сияқты елеулі мәселелер мектепке дейінгі мекемелердің жұмысына кедергі келтірді. Бұған қоса, оқу-әдістемелік базаны жаңарту және заманауи білім беру технологияларын енгізу өзекті міндеттер қатарына қосылды.

Дегенмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері көрсеткендей, мектепке дейінгі біліммен қамтылған балалардың үлесі тұрақты өсті. Білім беру бағдарламаларын стандарттау, мемлекеттік қолдау мен лицензиялау рәсімдерін жеңілдету арқылы жеке сектор дамытылып, орындар саны елеулі артты.

2016-2021 жж. аралығында дамудың жаңа моделін іздеу басталды. Енді тек орындармен қамтамасыз ету емес, баланың білім сапасын арттыруға және жеке тұлғалық дамуына баса назар аударылды. Білім беру процестерін цифрландыру, инклюзивті тәсілдерді енгізу және шағын орталықтар, отбасылық балабақшалар сияқты вариативтік нысандарды дамыту бойынша тың қадамдар жасалды.

Бұл кезеңдегі негізгі мақсат - барлық балалар үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, мектепке дейінгі педагог мамандығының беделін арттыру, инновациялық технологияларды енгізу және білім беру мазмұнын жаңарту болды.

Қарастырылып отырған кезеңнің екінші жартысы уақыттың өзекті талаптарына жауап беретін жаңа даму модельдерін іздеумен ерекшеленді. Егер бұрын тек орындармен қамтамасыз етуге басымдық берілсе, енді баланың білім сапасы мен жеке тұлғалық дамуын арттыруға баса назар аударылды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуы факторлардың тұтас кешенінің ықпалында болды:

-Демографиялық өсу: Елдегі бала туудың артуы мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне тұрақты сұраныс тудырды.

-Мемлекеттік саясат: Білім беруді дамытудың Ұлттық жоспарын, отбасы мен балалық шақты қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ әлеуметтік салада инвестициялар тарту шешуші рөл атқарды.

-Экономикалық даму: Экономиканың өсуі және тиісінше бюджет қаражатының ұлғаюы инфрақұрылымды дамыту мен қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал етті.

-Әлеуметтік-мәдени өзгерістер: Урбанизация, ата-аналардың білім деңгейінің жоғарылауы, олардың балалардың ерте дамуына деген ұмтылысы мектепке дейінгі білім берудің заманауи түрлеріне сұранысты ынталандырды.

-Халықаралық тәжірибе: Мектепке дейінгі білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді зерделеу және бейімдеу ұлттық жүйені жаңғыртуға үлес қосты.


2010-2021 жылдар кезеңі Қазақстанның мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тарихында бетбұрыс болды. Мемлекет балаларды қамтуды кеңейтуде, материалдық-техникалық базаны жаңғыртуда және білім беру қызметтерінің сапасын арттыруда елеулі табыстарға қол жеткізе отырып, осы бағытты дамытуға деген бейімділігін көрсетті. Дегенмен, тең емес қолжетімділік және педагогикалық кадрлардың біліктілігін одан әрі арттыру қажеттілігі сияқты бірқатар мәселелер әлі де мұқият назар аударуды және жүйелі шешімдерді талап етеді. Жүйенің одан әрі дамуы өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделу, инновациялық технологияларды енгізу және әр баланың жан-жақты дамуына баса назар аудару қабілетіне тікелей байланысты болады.

2010 жылдан кейін еуропалық стандартқа сәйкестендіру бағдарламалары дүниеге келді. 3-6 жас аралығындағы мектепке дейінгі, 12 сыныптық мектептік білім, кәсіби-техникалық

мамандар әзірлейтін колледждер мен арнайы мектептер білім беру жүйесін өзгертті.

Білім беру балалар үшін балабақшадан басталып, мектепте жалғасын тапты. Болон үрдісінде балабақша мәселесі қарастырылмаса да, 2010 жылдан бастап Қазақстанда білім жүйесінде өзгерістер болды. Білім беру саласын реформалау барысында балалардың мектепке дейінгі білім алуға құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шаралар анықталды. «ҚР Білім туралы» Заңымен бес-алты жастағы балалар үшін міндетті мектепалды дайындық нысаны енгізілді.

Балабақшада балалар санының динамикалық артықшылығы туралы 2011-2020 жылдардың мәліметіне сүйенсек, 1-ші суретте ол Оңтүстік және Орталық Қазақстан аймақтарында басым болғанын көрсетеді.




Сурет 1. 2011-2021 жылдар аралығындағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің саны

Ескерту - Әдебиет негізінде құралған (Ресми сайты, 2023).

МДҰ қамтамасыз ету деңгейінің жоғарғы көрсеткіші: Қостанай (100%), Қарағанды (97,8%), Павлодар (95,6%), Батыс Қазақстан (95,3%) облыстарын құрады.

2011-2021 жылдар арлығында Қазақстанның бес аймағында мектепке дейінгі білім беруді кластерлеу арқылы көшбасшылыққа Оңтүстік Қазақстанның шыққанын 10-шы суреттен көруге болады.

Ал енді осы позицияны республиканың әр аймақтары бойынша (2-ші суреттен) көрсек, мұнда нәтиже мүлдем басқаша.



Сурет 2. 2011-2021 жылдардағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің саны

Ескерту - Әдебиет негізінде құралған (Ресми сайты, 2023).

2-ші суретте МДҰ республика бойынша 2010-2021 жылдар аралығындағы жоғары көрсеткіш санын Түркістан, Алматы облыстары, Алматы қаласында, орта деңгейді Шығыс

Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан мен Шымкент қаласы, ал төменгі деңгейді Қарағанды, Ақтөбе, Батыс Қазақстан аймақтары көрсетті.

2010-2021 жылдар аралығында балаларды мектепалды тәрбие мен оқытуды қамту көрсеткіштері қалалық және ауылдық жерлердегі балалар саны мен қамтылу деңгейі бойынша алшақтықтар болды. 2010-2014 жылдар аралығында қалалық мектеп балаларының үлесі жоғары болып, 2015 жылдан 2021 жылға дейін ауылдық мекендегі балалардың үлесі артып, даму қарқыны өзгерді, ол 1-ші кестеде көрініс тапқан.

Балалардың жынысына қарай дүниеге келген ұл балалардың саны қыз балаларға қарағанда 0,2 пайыздан 1,8 пайызға өскен, ауылдық аймақтарда 0,3-5,3%-ға дейін көтерілгенін көруге болады.

2005 жылы 3-6 жас аралығындағы жалпы балалар саны 18,4 көретсе, 2021 жылы көрсеткіш 99,6-ға көтерілді (5 есеге), ауыл-аймақтарда 2005 жылы 4,4 болса, қалада бала саны 31,5-ті (7 есеге), 2021 жылы ауылда 99,4 ал, қалада 98,4 көрсеткіші арқылы теңестірілген (ҚР ПА, л.166). 3-6 жастағы балалар саны «Балапан» бағдарламасы бойынша кеңестік кезең көрсеткішімен салыстырғанда 2 есеге өсіп, сол кезең көрсеткішінің 70%-ын құрады. Осы «Балапан» бағдарламасы аясында сәбилерді балабақшамен қамтамсыз ету, оларды жан- жақты қорғау, қамқорлыққа алу арқылы сол кезеңдегі әлемдік трендтен ауытқымау - ҚР үшін негізгі ұлттық басымдықтардың бірі болды (ҚР ПА, л.75).

Осы бағдарламаның ықпалымен МДҰ саны 2013-2015 жылдар аралығында 1048 - ге артты мысалы, 2013 ж. - 77869, 2014 ж. - 8467, 2015 жылы - 8834. 2010 жылдың қорытындысы бойынша республикада мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тапшылықты қысқарту бойынша қабылданған шаралар арқылы балаларды қамту 37-ден 38,7%-ға көтеруге мүмкіндік берді.

2013 жылы 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі тәрбиесін ұйымдастыру деңгейі 73,4%-дан 2015 жылы 81,6%-ға көтерілді. Мектепке дейінгі білім ошақтарының көбеюі педагогикалық кадрлардың санын арттыруға ықпал етті. МДҰ білім беру мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін стандартталған бағдарламасы, сондай-ақ мектепалды дайындықтың оқу бағдарламасы дайындалып, 77 балабақша мен 30 пилоттық мектепте (ҚР Жарлығы, 2016) тәжірибе негізде қолданысқа енгізілді.

1 Кесте. 2010-2021 жылдар аралығында балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамту

Жылдар	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
3-6(7) жастағы балалар, барлығы- оның ішінде:	30,2	35,1	39,4	40,2	78,6	81,6	81,7	90,5	95,2	98,5	98,7	98,9
қала халқы	41,6	45,6	47	46,5	80,8	82,9	-	92,5	93,2	98,6	98,2	98,4
ауыл халқы- оның ішінде:	18,9	25	31,7	33,6	75,6	79,9	-	88,0	98,0	99,7	99,2	99,6
1-6(7) жастағы балалар, барлығы оның ішінде:	21,2	25,3	28,8	30	52,3	53,8	58,9	66,1	77,0	78,3	81,6	84,7
қала халқы	28,1	31,1	32,9	33,1	54	55,9	-	67,9	70,8	72,5	75,6	72,3
ауыл халқы	14,4	19,4	24,5	26,6	50,1	25,6	-	64,0	86,3	87,0	90,2	92,7

Ескерту - Әдебиет негізінде құралған (Мектепке дейінгі, 2021).

2015 жылдың соңында елімізде 8834 мектепке дейінгі мекеме жұмыс істеп, оларда 758,8

мың бала тәрбиеленді, бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға артқан. Қалалық жерлерде жұмыс атқарған 2844 ұйымда мектеп жасына дейінгі 428,2 мың бала, ауылдық жерде жұмыс істеген 5990 ұйымда мектеп жасына дейінгі 330,6 мың бала тәрбиеленді (Козганбаева., Дошкольное образование, 2019) Балабақша жасындағы сәбилердің дайындығы және тәрбиесінің мазмұны мен оқу жүктемесіне қойылатын талаптар стандарт бойынша жоғарылады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай дамудың «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет», «Білім беру» салаларына баса назар аударылды (Мектепке дейінгі, 2021).

2015 жылдан бастап мектепке дейінгі білім ордаларында бала саны көбейіп, топта балалар саны қажетті нормадан жоғары болды. 2017 жылдан бастап электронды үкімет желісі қолданысқа енді. Бұл баланы кезекке қоюға және сол кезектің ашық түрде жылжу қарқынын көрсетіп отыратын жағымды тұстарын көрсетті.

2021 жылы МДҰ саны 10759 бірлікке өсті, оның ішінде: 6949 балабақша, 3810 шағын орталық, олардың 6080-і мемлекеттік және 4679-ы жеке меншік, онда 1-ден 6 жас аралығындағы 903 мыңнан астам бала болды. 2011 жылмен салыстырғанда балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз етудегі бірнеше мәселелер шешілді. Осы кезеңде МДҰ білім саласындағы сапа көрсеткіштерін жақсарту бойынша атқарылған жұмыстар оң бағасын алды (Нұрбаев., 2021, б.22).

II. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі өзекті түйткілдер

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру жүйесінің барлық деңгейіне, соның ішінде мектепке дейінгі білім беру саласына да елеулі ықпал етті. Кеңестік кезеңде қалыптасқан мектепке дейінгі ұйымдардың (МДҰ) кең желісі нарықтық экономикаға көшу кезеңінде айтарлықтай қысқарды. Экономикалық дағдарыс, өндіріс орындарының жабылуы және әлеуметтік инфрақұрылымның қайта құрылуы нәтижесінде көптеген ведомстволық балабақшалар жұмысын тоқтатты немесе басқа мақсаттарға берілді.

Статистикалық мәліметтер мектепке дейінгі ұйымдар санының күрт төмендегенін көрсетеді. 1991 жылы Қазақстанда 8881 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істесе, 2001 жылға қарай олардың саны 1103 бірлікке дейін азайды. Осылайша, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында балабақшалар желісі шамамен сегіз есеге қысқарды. Ең төменгі көрсеткіштер 1997-2005 жылдары байқалды: 2000 жылы МДҰ саны 1089 ғана болды. Кейінгі жылдары мемлекет тарапынан жүргізілген саясат нәтижесінде бұл көрсеткіш біртіндеп өсіп, 2021 жылы 10 871 ұйымға жетті. Алайда сандық өсімге қарамастан, жүйеде шешілмеген мәселелер сақталып қалды (Беркутова., Основные контуры, с.24).

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы негізгі түйткілдердің бірі - балабақшадағы орын тапшылығы. Әсіресе ірі қалаларда мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға сұраныс ұсыныстан әлдеқайда жоғары болды. Мемлекеттік балабақшаларға балаларды орналастырудың қиындығы көптеген ата-аналарды жекеменшік мекемелер қызметін пайдалануға мәжбүр етті. Мұндай мекемелердегі айлық төлемақы көбіне 130 мың теңгеден жоғары болып, көптеген отбасылар үшін елеулі қаржылық жүктеме тудырды. Бұл жағдай мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің әлеуметтік теңсіздік мәселесін күшейтті (Беркутова., Основные контуры, с.25).

2017 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдарды дамытуда мемлекеттік саясаттың жаңа бағыттары қалыптасты. Мемлекеттік балабақшаларды жаппай салу тәжірибесі тиімді нәтиже бермегендіктен, мемлекет жеке секторды тарту арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тетігін кеңінен қолдана бастады. Бұл шара мектепке дейінгі білім беру нарығын әртараптандыруға мүмкіндік бергенімен, инфрақұрылым сапасы мен қызмет көрсету стандарттарын біріздендіру мәселесін толық шешпеді.

Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жаңарту қажеттілігі айқын байқалды. Көптеген балабақшалар ғимараттарының ескіруі, ойын және оқу жабдықтарының жеткіліксіздігі, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету стандарттарының әркелкілігі саладағы маңызды мәселелердің қатарында қалды. Осыған байланысты қолданыстағы мекемелердің инфрақұрылымын жаңғырту, балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы

білім беру ортасын қалыптастыру мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің біріне айналды. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тиімділігі педагогикалық кадрлардың сапасына тікелей байланысты. Алайда бұл салада да бірқатар күрделі мәселелер сақталды. Ең алдымен, тәрбиешілердің жалақысының төмендігі және әлеуметтік мәртебесінің жеткілікті деңгейде болмауы кадр тапшылығын туындатты. Кейбір балабақшаларда бала күтушілерінің педагогикалық білімі болмауы немесе арнайы даярлықтан өтпеуі оқу-тәрбие процесінің сапасына кері әсер етті.

Педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінде де белгілі бір қиындықтар байқалды. Жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждерде мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлау көбінесе теориялық біліммен шектеліп, тәжірибелік және ғылыми-зерттеу базасының жеткіліксіздігімен сипатталды. Сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру саласына маманданған профессор-оқытушылар құрамының тапшылығы оқу бағдарламаларын жетілдіруге кедергі келтірді.

2010-2021 жылдар аралығында мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар қабылданғанымен, шешілмеген мәселелер толық жойылған жоқ. Дегенмен бұл кезеңде жүйе белгілі бір сапалық өзгерістерге ұшырады. Демографиялық өсімнің артуы, бала туу көрсеткішінің көбеюі және урбанизация үрдістерінің күшеюі мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне деген сұранысты арттырды. Мемлекет тарапынан қабылданған шаралар нәтижесінде қала және ауылдық жерлердегі балабақша желісі біртіндеп кеңейе бастады.

Соған қарамастан, балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен толық қамту мәселесі әлі де өзекті болып қалуда. Бұл жағдай мектепке дейінгі білім беру жүйесін әрі қарай институционалдық, инфрақұрылымдық және кадрлық тұрғыдан жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласының тұрақты дамуы үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін күшейту, педагогикалық кадрларды даярлау сапасын арттыру, сондай-ақ білім беру ұйымдарының материалдық базасын жаңарту бағытындағы кешенді шараларды жалғастыру маңызды болып табылады.

Қорытынды

2010-2021 жылдар аралығы Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуы мен жаңғыруы тұрғысынан маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл уақыт аралығында мемлекет тарапынан білім беру саласын жетілдіруге бағытталған бірқатар реформалар жүзеге асырылып, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кеңейту, білім беру қызметтерінің қолжетімділігін арттыру және білім беру мазмұнын жаңарту бағытында жүйелі шаралар қабылданды. Алайда осы кезеңде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өзгерістер мектепке дейінгі білім беру жүйесінде бірқатар күрделі мәселелердің сақталып отырғанын көрсетті.

2010-2021 жылдар аралығында мектепке дейінгі білім беру саласында жүзеге асырылған негізгі мемлекеттік бастамалардың бірі - республика көлемінде қабылданған «Балапан» бағдарламасы болды. Бағдарламаның басты мақсаты мектепке дейінгі ұйымдардың санын арттыру арқылы балаларды балабақшамен қамту деңгейін көтеру және мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту еді.

Сонымен қатар бағдарлама аясында инклюзивті білім беру қағидаттарын енгізуге ерекше назар аударылды. Инклюзивті білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғам өміріне толыққанды кіріктіруді көздегенімен, оны тәжірибеде жүзеге асыру барысында бірқатар ұйымдастырушылық және әдістемелік қиындықтар сақталып отыр. Атап айтқанда, арнайы даярланған педагог кадрлардың жеткіліксіздігі, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі және арнайы білім беру әдістемесінің толық қалыптаспауы бұл бағыттағы жұмыстардың баяу жүруіне әсер етті.

2010-2021 жылдары мектепке дейінгі білім беру мазмұнында да өзгерістер байқалды. Соның ішінде көптілділік саясатының бір бөлігі ретінде балабақшаларда үш тұғырлы тіл қағидатын енгізу мәселесі көтерілді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін ерте жастан меңгерту арқылы балалардың коммуникативтік және танымдық қабілеттерін дамыту көзделді.

Дегенмен бұл бастама мектепке дейінгі ұйымдарда әркелкі жүзеге асырылды. Кейбір аймақтарда қажетті оқу-әдістемелік материалдардың жетіспеуі, педагогтардың тілдік даярлығының әртүрлі деңгейде болуы және бағдарламалардың жүйеленбеуі сияқты мәселелер байқалды. Сондықтан үштілділік саясатын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу барысында ғылыми-әдістемелік негізді күшейту қажеттілігі туындады.

Мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыру мәселесі де осы кезеңдегі маңызды проблемалардың бірі болып қала берді. Мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі біртіндеп ұлғайғанымен, көптеген білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайы заман талабына толық сәйкес келмеді. Әсіресе аймақтардағы кейбір мемлекеттік балабақшалардың ғимараттарының ескіруі, оқу-тәрбие құралдарының жеткіліксіздігі және инфрақұрылымдық мәселелер олардың тиімді қызмет етуіне кедергі келтірді. Бұл жағдай мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртуда тек сандық көрсеткіштерге ғана емес, сапалық көрсеткіштерге де назар аудару қажеттігін көрсетті.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің экономикалық қолжетімділігі мәселесі де өзекті болып қалды. Жекеменшік балабақшалардың қызмет ақысы мемлекеттік балабақшаларға қарағанда едәуір жоғары болды. Бұл бір жағынан білім беру нарығында бәсекелестік қалыптастыруға мүмкіндік бергенімен, екінші жағынан жас отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына қосымша жүктеме түсірді. Нәтижесінде мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне қолжетімділік деңгейі қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтары арасында біркелкі болмады.

Қазақстандағы демографиялық өсім де мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойды. Бала туу көрсеткішінің тұрақты түрде артуы балабақшалардағы орын тапшылығы мәселесін қайтадан өзекті етті. Бұл жағдай жаңа мектепке дейінгі ұйымдар салу, қолданыстағы балабақшалардың қуаттылығын арттыру және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін дамыту қажеттігін көрсетті. Кеңестік кезеңдегі мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымы мен қызмет ету моделі тәуелсіз Қазақстан жағдайында өзгеріске ұшырағандықтан, қазіргі кезеңдегі балабақша жүйесін бұрынғы үлгімен салыстыру мүмкін емес. Сондықтан қазіргі білім беру саясаты жаңа демографиялық және әлеуметтік жағдайларға бейімделген заманауи модельдерді қалыптастыруды талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі ұйымдардың құрылысы мен инфрақұрылымын дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып қала береді. Мемлекеттік бюджет есебінен жаңа балабақшалар салу, өңірлік бағдарламалар арқылы мектепке дейінгі білім беру желісін кеңейту және балалардың қауіпсіз әрі қолайлы білім алу ортасын қалыптастыру - болашақтағы стратегиялық міндеттердің қатарында. Демографиялық өсім жағдайында бұл шаралар аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң ықпал ететіні сөзсіз.

Осылайша, 2010-2021 жылдар аралығы Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуындағы маңызды тарихи кезең ретінде сипатталады. Бұл кезеңде орын алған мәселелер білім беру саласының әлсіз тұстарын айқындаса, қол жеткізілген нәтижелер жүйенің жаңғыру әлеуетін көрсетті. Алдағы уақытта білім сапасын арттыру, білім беру қызметтерінің тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, педагог кадрлардың кәсіби деңгейін көтеру және мектепке дейінгі білім беру инфрақұрылымын дамыту мемлекеттік білім беру саясатының негізгі басымдықтары болып қала береді. Осы зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі білім беру жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған ғылыми-тәжірибелік жұмыстарға теориялық негіз бола алады.

Пайдаланған әдебиеттер

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 - 2020 жылдарға арналған «Балапан бағдарламасын бекіту туралы»
https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P100000488_/20.12.2013

Беркутова Е. Основные контуры региональной политики Республики Казахстан: стратегическое планирование, власть и экономика. - Астана; Алматы, 2015. - 72 с.

Козганбаева Ж., Талипбай Т. Дошкольное образование в Республике Казахстан // <http://startinfo.kz/buisness/dojkolnoe/pogo-obrazovaniya/>. 10.10.2023.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2016 жылдың 1 наурызда, №205 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205>.

ҚР ПА. Қ. 708. Т. 103. Іс. 269. Л. 7, 38, 75, 86.

ҚР ПА. Қ. 708. Т. 133. Іс. 1529. Л. 5, 6, 19, 35, 166.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты // https://egov.kz/cms/kk/articles/pre_school/preschool.

Нұрбаев Ж. Орта білім беру жүйесіндегі теңсіздік: Қазақстан Республикасының шағын жинақты мектептерін реформалау саясатының талдамасы. - Астана, 2021. - 86 б.

Ресми сайтының мәліметіне сүйене отырып мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың санын жасаған // <https://stat.gov.kz/ru/>. 10.10.2023.

Э.А. Мусаева^{1*}, Г.Н. Джабаева²

^{1*}*НАО Карагандинский медицинский университет, (Караганда, Казахстан)*

²*Национальный научный центр развития сферы социальной защиты Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, (Астана, Казахстан)*

ЭВОЛЮЦИЯ ДОШКОЛЬНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА: ИСТОРИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ 2010-2021 ГОДОВ

Аннотация. В статье комплексно рассматривается историко-логическая эволюция политики дошкольного воспитания и обучения в контексте модернизации системы образования независимого Казахстана в период с 2010 по 2021 годы. Актуальность исследования обоснована необходимостью научного переосмысления эффективности государственных стратегических программ в условиях демографического роста и возрастающего социального спроса в указанный период.

Анализируя трансформацию нормативно-правовой базы, автор уделяет особое внимание институциональному значению программы «Балапан», инициированной в 2010 году. Проведен историко-сравнительный анализ роли данной программы в расширении сети дошкольных организаций, внедрении механизмов государственно-частного партнерства и динамическом росте охвата детей дошкольным обучением.

В ходе исследования глубоко изучены не только количественные показатели, но и содержательно-качественные параметры дошкольного образования: укрепление кадрового потенциала, повышение профессиональной компетентности педагогов и приведение образовательных стандартов в соответствие с международными требованиями. Кроме того, в статье выявлены исторические предпосылки и пути решения таких системных проблем, как механизмы подушевого нормативного финансирования, инфраструктурный разрыв между городом и селом, а также дефицит мест в детских садах.

На основе применения историко-хронологического, системного и статистического методов анализа автор систематизирует тенденции развития политики дошкольного образования Казахстана, разделяя их на этапы. Результаты исследования позволяют обобщить исторический опыт государственной образовательной политики и служат научной основой для определения перспективных направлений стратегического планирования отечественной системы образования.

Ключевые слова: политика дошкольного образования, программа «Балапан», финансирование, демографический рост, государственные и частные детские сады, образовательные реформы.

Е.А. Musaeva^{1*}, G.N. Jabayeva²

^{1*}*NAO Karaganda Medical University, (Karaganda, Kazakhstan)*

²*National Scientific Center for the Development of the Social Protection Sphere of the Ministry of*

EVOLUTION OF KAZAKHSTAN'S PRESCHOOL EDUCATION POLICY: HISTORICAL DIRECTIONS 2010-2021

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the historical and logical evolution of preschool education and training policies within the context of modernizing the educational system of independent Kazakhstan from 2010 to 2021. The relevance of the study is driven by the need for a scholarly reappraisal of the effectiveness of state strategic programs amidst significant demographic growth and increasing social demand during this period.

By analyzing the transformation of the regulatory and legal framework, the author emphasizes the institutional significance of the "Balapan" program launched in 2010. A historical-comparative analysis is conducted to evaluate the program's role in expanding the network of preschool organizations, implementing sub-mechanisms of public-private partnerships, and driving the dynamic increase in preschool enrollment rates.

Beyond quantitative metrics, the research delves into the substantive and qualitative parameters of preschool education, such as strengthening human resource potential, enhancing the professional competence of educators, and aligning educational standards with international requirements. Furthermore, the article identifies historical prerequisites and potential solutions for systemic challenges, including per-capita normative financing mechanisms, the infrastructural gap between urban and rural areas, and the shortage of placements in kindergartens.

Utilizing historical-chronological, systemic, and statistical analysis methods, the author categorizes the developmental trends of Kazakhstan's preschool education policy into distinct stages. The findings synthesize the historical experience of state educational policy and provide a scientific foundation for determining the future directions of strategic planning in the national education system.

Keywords: preschool education policy, "Balapan" program, funding, demographic growth, public and private kindergartens, education reforms.

References

- Approval of the "Balapan" Program for Providing Children with Preschool Education and Training for 2010-2020. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P100000488_/20.12.2013
- Berkutova, E. (2015). Main Contours of the Regional Policy of the Republic of Kazakhstan: Strategic Planning, Power, and Economy. Astana; Almaty. - 72 p.
- Data on the Number of Children in Preschool Organizations based on Official Website Information. Available at: <https://stat.gov.kz/ru/>. (Accessed: 10.10.2023).
- Decree of the President of the Republic of Kazakhstan. On the Approval of the State Program for the Development of Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2016-2019: Approved on March 1, 2016, No. 205. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205>.
- Kozganbaeva, Zh., & Talipbay, T. Preschool Education in the Republic of Kazakhstan. Available at: <http://startinfo.kz/buisness/dojkolnoe/nogo-obrazovaniya/>. (Accessed: 10.10.2023).
- Nurbaev, Zh. (2021). Inequality in the Secondary Education System: Analysis of the Reform Policy for Small-Scale Schools in the Republic of Kazakhstan. Astana. - 86 p.
- Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan (PA RK). Fund 708. Inventory 103. File 269. Sheets 7, 38, 75, 86.
- Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan (PA RK). Fund 708. Inventory 133. File 1529. Sheets 5, 6, 19, 35, 166.
- State Compulsory Standard for Preschool Education and Training. Available at: https://egov.kz/cms/kk/articles/pre_school/preschool.

Авторлар туралы мәлімет

Мусаева Эльвира Абышкызы – Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор,

КеАҚ Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ, Назарбаева көшесі 50.

Джабаева Гульден Нурлановна – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қорғау саласын дамыту жөніндегі Ұлттық ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері, магистр, Астана қ, Мәңгілік Ел көшесі 8.

Сведения об авторах

Мусаева Эльвира Абышкызы – Доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, НАО Карагандинский медицинский университет. г. Караганда, ул. Назарбаева 50.

Джабаева Гульден Нурлановна – магистр, главный научный специалист Национального научного центра развития сферы социальной защиты Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. г. Астана, ул. Мангилик Ел, 8.

Information about the authors

Elvira Abyshkyzy Musayeva – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, NCJSC Karaganda Medical University. 50 Nazarbayev St., Karaganda.

Gulden Nurlanovna Dzhabaeva – Master, Chief Scientific Specialist of the National Scientific Center for the Development of Social Protection of the Ministry of Labour and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan. 8 Mangilik El St., Astana.

Авторлардың үлесі

Мусаева Эльвира Абышкызы – 1-автор (corresponding author) зерттеу идеясын ұсынып, зерттеу дизайнын жасап, нәтижелерді талдап, мақаланың негізгі мәтінін жазды.

Джабаева Гульден Нурлановна – 2-автор деректер жинауға, зерттеу жүргізуге және мақаланы редакциялауға қатысты.

Вклад авторов

Мусаева Эльвира Абышкызы – 1-й автор (corresponding author) предложил идею исследования, разработал дизайн исследования, проанализировал результаты и написал основной текст статьи.

Джабаева Гульден Нурлановна – 2-й автор участвовал в сборе данных, проведении исследования и редактировании статьи.

Authors' contributions

Elvira Abyshkyzy Musayeva – The 1st author (corresponding author) proposed the research idea, developed the research design, analyzed the results, and wrote the main text of the article.

Gulden Nurlanovna Dzhabaeva – The 2nd author participated in data collection, conducting the research, and editing the article.

Редакцияға түсті 19.11.2025

Өңдеуден кейін қайта түсті 20.02.2026

Жариялауға қабылданды 29.03.2026

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАҚТЫҒЫСТАРЫ: ГЕОСАЯСИ ФАКТОРЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ

Қ.А. Нұрғазы^{1*}, Қ.Қ. Байсарина², А.Б. Байгапанова³

^{1*},²*Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан*

³*Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан*

E-mail: history.kazakhstan@yandex.ru^{1*}

bkksemey@mail.ru²

aigul_bol@mail.ru³

^{1*}<https://orcid.org/0009-0004-8438-2188>

²<https://orcid.org/0000-0002-5911-6716>

³<https://orcid.org/0000-0002-6365-4488>

Аңдатпа. XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар қақтығыстары қазақ қоғамының саяси жүйесі мен әлеуметтік құрылымына айтарлықтай әсер етті. Мақалада жоңғар экспансиясының сыртқы геосаяси факторлары, сондай-ақ Қазақ хандығы құрылымының ішкі ерекшеліктері қарастырылады. Күшті орталық биліктің болмауы және тайпалық байланыстардың маңызды рөлі күштерді біріктіруді және қорғаныс әрекеттерін үйлестіруді қиындатқаны көрсетілген. Сонымен қатар, әскери ұйымның ерекшеліктері мен көшпелі шаруашылықтың ерекшелігі талданады.

Дереккөздер архивтік құжаттардан, шежірелік материалдардан, ауызша дәстүрлерден, сондай-ақ ресейлік және қытайлық жазбаша дереккөздерден тұрады. Оларды салыстыру негізінде деректердің шектеулілігі мен сенімділігінің әртүрлі дәрежесін ескере отырып, демографиялық шығындар мен экономиканың жойылуының салдарын бағалауға әрекет жасалады.

